

**«№136 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ МЕКТЕБІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КЕСІПОРНЫ**

АШЫҚ САБАҚ.

ТАҚЫРЫБЫ :Жаһанданудың пайдасы мен зияны.

Сынып: 9 «В»

Орындаған: Тенизбаева Д

2023-2024оқу жылы

Қысқа мерзімді жоспар

Пәні: Қазақ тілі		
Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: «Жаһандану мәселелері»		
Күні: 09.10. 2023 ж.		
Мұғалімнің аты-жөні: Тенизбаева Д		
Сынып: 9«В»	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сабақтың тақырыбы:	«Жаһанданудың пайдасы мен зияны»	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне тандау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе).	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіріп, сыни тұрғыдан баға береді. Стыльдік ерекшеліктерді, тілдік бірліктерді дұрыс қолданады; Көпшілік оқушылар: тұтас емес мәтіндегі мәліметтерді салыстырады, стильдік ерекшеліктерді анықтайды; Кейбір оқушылар: мәтіндегі мәліметтерді өңдейді, тілдік бірліктерді талдап, мысалдармен дәлелдейді.	
Бағалау критерийі	Айтылған ойға өз көзқарасын білдіріп, сыни тұрғыдан баға береді; Алынған ақпаратты өңдейді және салыстырады; Мәтіндегі тілдік бірліктерді салыстыра талдап, мысалдар арқылы қолданады.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіріп, сыни тұрғыдан баға беріп айта алады; тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстырып, өңдей алады; стыльдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана алады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: зар заман, асылық, адал зада, дүрия, биқасап, бұландай, ойқастап, сенсация, ұлттық дүниетаным, идеология, мәдени иммунитет. Талқылауға арналған сұрақтар: «Жаһанданудың жағымды және жағымсыз сипаттары» туралы не білеміз? Сыныптағы диалог/ эссе жазуға арналған пайдалы тіркестер: Менің ойымша, ... Сол себепті, ... Қорыта айтқанда, ... т.б.	
Құндылықтарға баулу	Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу	
Пәнаралық байланыс	Қазақ әдебиеті, тарих	

Тақырып бойынша алдыңғы білім		Жаһандану – күрделі үдеріс	
Сабақтың барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар	
Сабақтың басы	Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеп керекті құрал-жабдықтарын реттеу. Психологиялық ахуал туғызу. «Мен саған сенемін» жаттығуы. «Мен саған сенемін, себебі...» деп сөйлемді жалғастырыңыз. Мысалы, «Мен сіздерге сенемін, себебі ең алғыр баласыздар». Осылайша, оқушылардың арасында бір-біріне деген сенімділігі артады. Топқа бөлу. «Теңге, доллар, рубль» әдісі. Оқушыларды үш түрлі валюта қағаздары бойынша топқа бөлу. 1. Жағдайаттық тапсырма. Т.Ж. Оқушылар оқулықтағы жағдайаттық тапсырманы «Ойлан –жұптас - бөліс» әдісі арқылы орындайды. «Жаһандану деген не?» тақырыбында баяндама жасау.	Қазақ тілі 9-сынып «Атамұра» баспасы 2019 ж. 34-37 бет АКТ технологиясы	
1 минут		Топ аттары үлестірме материал.	
8 минут		Қалыптастырушы бағалау тәсілдері	
		А4 қағазы, түрлі-түсті маркерлер	
	Критерийлер: • тақырыптың ашылуы; • қызықты және жаңа ақпараттың болуы; • сөз жүйесінің сақталуы; • таныстыруда сөз әдебі орамдарының дұрыс қолданылуы.		
	Дескриптор: Жаһандану үрдісі туралы айтады;		

	Негізгі белгілерін атайды; Жаһанданудың қай сипаты маңызды екенін жеткізді ҚБ: топта өзара бағалау әдісі арқылы бағаланады.	
Сабақтың ортасы 2 минут 4 минут 3 минут	Сабақтың мақсатын интерактивті тақтадан көрсетіп, талдату. Сабақтың мақсаты: көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу. ЖЖ. Оқушылардың жаңа сабақтың мақсатын және тақырыбын түсінуі үшін бейнероликті ұсынамын. Бейнероликті көрсетпей тұрып тапсырма мақсаты, берілетін тапсырма және күтілетін нәтижемен таныстыру. (мақсат, тапсырма, күтілетін нәтиже тақтада шығып тұру керек) Тапсырманың мақсаты: «Жаһандану деген не?», «Жаһанданудың пайдасы мен зияны қандай?» деген сұрақтарға жауап іздеу. Берілетін тапсырма: «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы тыңдалым мен айтылым дағдысын жүзеге асыру. 1. Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ... 2. Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... түсіндіремін» 3. Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын» 4. Төртінші сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген қорытынды шешімге келдім». Күтілетін нәтиже: Жаһандану деген не?», «Жаһанданудың пайдасы мен зияны қандай?» деген сұрақтарға өз пікірін білдіру, дәлелдеу. Дескриптор: - негізгі ойды түсініп, ақпаратты анықтайды; - сыни көзқарасын білдіріп, пікірін дәлелдейді. ҚБ: Ауызша мадақтау. Бейнероликтен негізгі ойды дұрыс түсінгенсің, ақпаратты дұрыс	https://youtu.be/Lg4FYwJXxwI (4 минут) Формативті бағалау әдістері

	анықтағансың, өз пікірінді дұрыс дәлелдедің, тыңдалымға өз көзқарасыңды дәлелдей білдің. 5- тапсырма. 34 бет ТЖ. Оқушылар оқулықтағы мәтінді «Джигсо» әдісі арқылы меңгереді. Әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі, бұл бүкіл топта талқылауға түседі. Мәтін мазмұнын түсіндіру мақсатында әр топқа тапсырма беру. 1-топ: «Жаһанданудың пайдасы» топтастыру арқылы түсіндіреді; 2-топ: «Жаһанданудың зияны» сипаттарын сызба түрінде жазады; 3-топ: Жаһанданудың жағымды және жағымсыз сипаттарына ұлт ретінде қалай төтеп беруге болады? «Сұраққа жауап галереясы» әдісі арқылы қорғайды. Дескриптор: · жұбымен талқылайды, пікірлеседі; · өз ойы мен пікірін қағазға түсіреді; · өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялайды. ҚБ: «Бас бармақ» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалайды. ЖЖ. «Қос жазба күнделігі» әдісі бойынша мәтіннен кірме сөздерді тауып, оларға қосымша жалғап жазады.	Мәтін «Джигсо» әдісі арқылы орындалады. 1-топқа 1-абзац, 2-топқа 2-абзац, 3-топқа 3 абзац бөлініп беріледі. Әр топ өздерінің абзацтарын ғана оқып тапсырманы орындайды.
10 минут	Дескриптор: · мәтіннен керме сөздерді табады; · сөздерге қосымша жалғайды; · Орфографиялық принципті сақтап жазады; ҚБ: «Серігінді бағала» әдісі арқылы бағаланады. 2 – тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқу.	Интерактивті тақтада жаңа сөздерді көрсету.
5 минут	«Сұрақты қағып ал» әдісі арқылы оқылым алдында:	

2 минут	• «Зар заман туралы не білеміз?», • «Жаһандану заманы мен зар заманының айырмашылықтары қандай?», • «Зар заман ақындарына кімдерді жатқызамыз?», • «Зар заман ақындары деген терминді қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет қай жазушы енгізген?», - деген сияқты түрткі сұрақтар қою. Оқушылар өлеңмен танысады. ЖЖ. «Жеке сөздік» әдісі. Онда оқушылар өздері танысқан жаңа сөздерді жазып отырады. Сол сөздермен жұптасып жұмыс істейді. Дескриптор: · сөзді дұрыс түсініп, мағынасын анықтайды; · жаңа сөзді үйреніп, орынды қолдана біледі. ҚБ: «Қошемет» әдісімен оқушыларды бағалау.	Интерактивті тақтада «Зар заман ақындарын» көрсетіп қою. Зар Заман Ақындары – қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет (1927) <u>М.Өуезов</u> енгізген термин. Қалыптастырушы бағалау тәсілдері Интерактивті тақтада жаңа сөздерді көрсету.
Сабақтың соңы 5 минут Рефлексия Үйге тапсырма	«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесіне смайликтер жаспыру. • Менде мынандай ой пайда болды; • Не сезіндім ? Мысалы, • Не ұнады ? Себебі, 36 бет 9-тапсырма. «Жаһандану жағдайындағы Қазақстан» тақырыбына эссенің кіріспе бөлімін жазу. Дескриптор: · эссе тақырыбына қатысты өз ойын білдіреді; · эссе құрылымын сақтайды (кіріспе,); - орфографиялық принципті қайталайды.	Кері байланыс «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесіне ілінеді

Саралау - Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау - Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).
Оқу мақсатына жету үшін сабақта бірнеше әдіс-тәсілдерді пайдаландым. Оқушылардың назарын сабаққа аудару үшін «Ойлан –жұптас - бөліс» әдісін қолдандым. Жаңа сабақты меңгерту барысында «Төрт сөйлем», «Джигсо», «Қос жазба күнделігі», «Жеке сөздік» әдіс-тәсілдерін қолдандым. Оқушыларға оқулықтағы мәтінді меңгерту барысында «Джигсо» әдісінде әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөлісіп, бүкіл топта талқылады. Мәтін мазмұнын түсіндіру мақсатында әр топқа тапсырма бердім. «Жеке сөздік» әдісінде оқушылар жеке жұмыс жасайды. Барлық оқушылар мәтіндегі стильдік ерекшеліктерді, тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білді. Көпшілігі стильдік ерекшеліктерді анықтады, ал кейбірі тілдік бірліктерді талдап, мысалдармен дәлелдеді.	Оқушылардың алған білімін бағалау мақсатында бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдандым. «Төрт сөйлем» әдісінен кейін, оқушыларды тыңдалым мен айтылым тапсырмасында мұғалімнің ауызша бағалауы арқылы жүзеге асырдым. «Қос жазба күнделігі» әдісі жұптық жұмыс болғаннан кейін, «Серігінді бағала» әдісімен оқушылар жұбын бағалады. Ойлан –жұптас - бөліс» әдісі топтық жұмыс болғасын, «Қошемет» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалады. «Жеке сөздік» әдісі жеке жұмыс болғасын, оқушылар «Сандар» әдісі арқылы бағаланды.	Пәнаралық байланыс: Қазақ әдебиеті, тарих пәндерімен байланыстыруға болады. Оқулықта Шортанбай жыраудың өлеңі мен тарих пәнімен ұштасатын мәтін берілген. Өлең мен мәтіннің ішінде пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер көрсетілген. АКТ-мен байланыс: Жаңа сабақтың тақырыбын түсінуі үшін бейнероликті ұсындым. Тапсырмаларды слайд арқылы көрсеттім. Құндылық: Оқулықта берілген мәтінде бүкіләлемдік экономикалық даму, ғаламдық экологиялық мәселерді шешу әлем елдерін біріктіріп отыр. Жаһандық тұрғыдағы мәселелерді шешу жолында ана тілін білу, ұлттың салт-дәстүрін сақтау, өз тарихын құрметтеу, елдің болашағына сену және соған қызмет етуге дайын болу керек.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына қол жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?	Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз. Оқу мақсатына сабақ мақсаты шынайы әрі қолжетімді болды. Барлық оқушылар оқу мақсатына әдіс-тәсілдер арқылы қол жеткізді. Әр тапсырмаға сай алынған әдістер бойынша оқушылардың топтық, жұптық, жеке жұмыс жасау кезіндегі сабаққа қатысын бақылап, желеу, дамыту, мадақтау, кері байланыс беру арқылы саралап отырамын. Әдістер мақсатқа лайық алынғаннан кейін, уақытты тиімді пайдалана алдым.	

Жалпы бағалау

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?

1. Жәмеуімізге қызығушылықпен қарап, бізге қызықты тақырыптарды таңдап берді.
2. Оқу барысында бізден тапсырма берді. Біз тапсырманы орындадық.

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1. Оқушылардың бірі-біріне қызығушылықпен қарап, бізге қызықты тақырыптарды таңдап берді.
2. Біз тапсырманы орындадық.

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені аяқтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?

Осы сабақ өту барысында оқушылардан кері байланыс алып, оқушылардың топтық, жұптық, жеке жұмыстарындағы ізденістері туралы білемін, рефлексиядағы сұрақтарға жауап ала отырып, келесі сабаққа қандай нәрсеге назар аудару керектігін білемін.

Тексерілді: *Аманжол* Бүркітбаева А. М.